

**ASTANA**  
AQSHAMY

## **Арқаны әнге бөлеген**

**«Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік үйымының «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығы «Ұлыларға тағым» жобасы аясында Ақан сері Қорамсаұлының 180 жылдығына арналған рухани өнер кешін өткізді.**

Бір бойына бірнеше өнерді тоғыстырған Ақан сері күрескер ақын, әнші, композитор болды. «Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, бірнеше тілді біліп, саятшылықпен айналысты, ит жүгіртіп, құс салды, жүйрік баптады. Ақанның жұмбақ та нәзік жан дүниесін ашу үшін концерт театрландырылған қойылыммен ашылып, жабылды. Әнші, актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткери Құмарбек Қалқатай серіні сомдап, «Көкшетаудың биігі» әнін әуелетті.

Өнертанушылар Ақанның артында елуге жуық ән қалғанын айтады. Осы концертте он беске тарта туындысы орындалды. Кешті жүргізген өнер орталығының жетекшісі Жасұлан Наурызбайұлы арасында әндердің тарихы туралы айта отырып, халық композиторының өмірінен мәліметтерді келтірді. Мәселен, ел аузында сүйікті тұлпары Құлагерді Батыраш-

Қотыраш дейтін байлар өлтірді деп айтылады. Жыр жүйрігі Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасында, кинорежиссер Болат Мансұровтың осы аттас фильмінде де сондай дерек берілген. Ал көрнекті композитор, өнертанушы Илья Жақанов бұл жаңсақ пікір екенін, Құлагерді мерт қылған Ақанмен қастасқан Барақбай деп жазады. Өз заманында өршіл ақын Мағжан Жұмабаев та Құлагердің қаны Барақбайдың мойнында екенін жазып кеткен екен. Бірақ «халық жауы» атанған Мағжанның шығармаларын оқуға тыйым салынғандықтан, бертінге дейін бұл пікірі белгісіз болып келді.

Жалпы сұлуулыққа жаны құштар Ақанның шығармашылығында арулар, қыран құстары мен тұлпарларына арналған әндер ерек орын алады. Бұл тарапта «Құлагермен» қатар «Маңмаңгер», «Қараторғай», «Балқадиша», «Ләйлім шырақ», «Ақтоқтының аужары», «Жамал қызы» сынды әндерін айтуға болады. Ал «Майда қоңыр» әні – достыққа қойылған ескерткіш іспетті туынды. Қөрермендер осы әндермен қатар «Шырмауық», «Сырымбет», «Алтыбасар», «Көк көбелек», «Торыны таң асырып мінген қандай» шығармаларына құлақ құрышын қандырды. Бұл әндерді Медет Салықов, Клара Төленбаева, Дінисламбек Жайлаубай, Асқар Мұқият, Перизат Тұрарова, Ерболат Шалдыбеков, Нұрболат Арзамасұлы, Жасұлан Наурызбайұлы, Аяулым Қамажан, Біржан Айтахмет нақышына келтіріп салды. Дәүлескер күйші, ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткери Жанғали Жұзбай өнер тарихында жалғыз «Қосбасар» күйімен қалған Итаяқтың осы күйін шертті.

«Халық қазынасы» үлттық өнер орталығының бір мақсаты – қазақтың үлттық аспаптарын насиҳаттау. Кеште дарынды музыкант Венера Табыс жетігенді сыйылтты. Концерт соңында «Ардагерлер ұйымы» рес-публикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Әмірзак Өзғанбаев көрермендер атынан алғыс айтты.